



# Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 31 (830) 1 тамыз 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi

https://vk.com/Magzhanzhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИА ОЙЫНДАРЫ

## ЕЛ ҮМІТІН АҚТАҒАН ЕЛДЭС



*Францияның Париж қаласында өтіп жатқан жазғы Олимпиадада еліміздің спортшылары жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Жарыстың бірінші күнінде жұптық сында пневматикалық мылтықпен нысана көздеген Ислам Сәтпаев пен Александр Ле қоржына алтын медаль жүйгеніне қол жеткізді.*

Өткен демалыс күндері отандық спортшылар спорт-сүйер қауымға қуаныш сыйлады. Париж Олимпиадасында ел қоржына алғашқы жүлдені пневматикалық мылтықпен аралас командалық сында 10 метрден нысана көздеген Ислам Сәтпаев пен Александр Ле салды. Алғаш рет Олимпиада ойындарына қатысқан тұрған Ислам Сәтпаев пен Александр Ле жұбы Германия құрамасынан басым түсті.

— делінген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатында.

Францияда өтіп жатқан Олимпиада ойындарының финалында Елдос Сметов татамиге Жапонияның даңқты дзюдошы Наохиса Такатонның кимоносын киіп шыққанын айта кеткен жөн.

— Мен Елдосты жеңісімен құттықтаймын. Ол финалда мен сыйлаған кимононы киіп шығып, чемпион атанды. Қазақ елі, алғашқы алтын жүлде құтты болсын. Біз Елдос екеуіміз татамиде қарсылас болсақ та, өмірде доспыз. Оған деген құрметім өрек. Ол Қазақстанның ең танымал спортшыларының бірі екенін білемін. Елдос — мықты спортшы. Париж Олимпиадасында Қазақстан қоржыны жүлдеге тола берсін, — деді даңқты жапониялық спортшы.

Жеңісті жолды тағы бір дзюдошы Ғұсман Қыргызбаев жалғады. 66 келі салмақта күрескен балуан жартылай финалда 24 жастағы бразилиялық қарсыласы Виллиан Лимадан ұтылып қалғанымен, қола үшін тартыста «вазари» әдісінің арқасында жеңіске жетіп, үшінші орынға қол жеткізді.

Париж қаласында алауы тұтанған XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында спортшылар 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығын саралқа салады. Қазақстандықтар төрт жылда бір өтетін додада спорттың 25 түрінен 92 жолдама жеңіп алған болатын.

Аманжол НҰРТАЗИН.

Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру арқылы елімізде өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде кеңес өткізді. Жиында «Отбасының цифрлық картасын» одан әрі жетілдіру мәселелері қаралды, сондай-ақ «Әлеуметтік әмиян», «Мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру» жобалары көрсетілді.

## НАҚТЫ БАҒАЛАУ ЕНГІЗІЛДІ



Үкімет басшысы тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту критерийі бойынша әкімдердің нақты жұмысына КРІ енгізуді тапсырды. Ол үшін «Отбасының цифрлық картасы» платформасы негізінде шұғыл және дағдарыс деңгейінен қанағаттанарлық және бақуатты деңгейге дейінгі бес санат бойынша барлық отбасының әл-ауқатына тұрақты мониторинг пен талдау жүргізілетін болады. Отбасылардың қанағаттанарлықсыз санаттан жақсартуға көшу динамикасына және керісінше көрсеткішке байланысты жергілікті атқарушы органдардың жұмысы бағаланады. «Отбасының цифрлық картасының» қазіргі нәтижелерін БҰҰ мен жетекші халықаралық институттар оң бағалап отырған көрінеді.

Әкімдерге бұл құралды орта және ұзақмерзімді шараларды жоспарлап, іске асыру үшін қажетті негізгі нұсқаулық ретінде пайдалану тапсырылды. Мұқтаж отбасылардың өмірде қиын жағдайға тап болу қаупінің алдын алу мақсатында, сондай-ақ кейде, жұмыссыздықты, халықтың жасырын жұмыспен қамтылуын азайту үшін оларды белсенді түрде анықтау қажет. Үкімет басшысы өмір әкімдеріне орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп әр отбасымен жеке жұмыс жүргізуді әрі «дағдарыс» және «шұғыл» санаттардағы отбасыларды жыл соңына дейін 31,2 мың отбасына дейін қысқартуды қамтамасыз етуді тапсырды.

«Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеті — еліміздегі өмір сапасын жақсарту. Тетік бар, мемлекеттік қолдау шаралары жұмыс істейді, мемлекет қажетті қаражатты бөледі. Біз әкімдердің халық әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесін нақты балау критерийіне көшеміз. Индикаторлардың орындалу мониторингін тұрақты болады. Онлайн режимде динамиканы көріп, қорытынды жасаймыз», деп атап өтті Олжас Бектенов.

Айта кету керек, республикалық бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік міндеттемелерді толық іске

асыруға, өңірлерді дамытуға бағытталған. Осыған байланысты жеңесте азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларының уақтылы көрсетілуін әрі ашықтығын қамтамасыз ететін «Әлеуметтік әмиян» жобасы қаралды. Әлеуметтік әмиян арқылы тұрғындарға пилоттық режимде мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтану, дәрі-дәрмек ұсынылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін сатып алуға, мүгедектігі бар адамдар үшін оңалтудың техникалық құралдарын сатып алуға атуалы көмек көрсету жөніндегі пилоттық жобаны, сондай-ақ жанар-жағармаймен тауарлы газға бағанын есүін ету мақсатында халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған ваучерлерді іске қосу қосымша пысықталып жатыр.

Үкімет басшысы мемлекеттік органдарға әлеуметтік әмиян және Цифрлық картаға түсетін деректердің өз саласы мен бағыты бойынша дәлдігі мен ауырлығын қамтамасыз етуді тапсырды. «Әлеуметтік әмиян» жобасын кеңейту, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу мәселелерін пысықтау тапсырылды. Бұдан басқа, қаражатты мақсатты есептеуді, оның ішінде электронды ақша мен цифрлы теңге платформаларын пайдалана отырып пысықтау қажеттігі атал өтті.

Сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету саласын арттыруға бағытталған «Мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру» жобасы таныстырылды. «Ақша баланың соңынан жүреді» тұжырымдамасы мемлекеттік тапсырыс қаражаты ата-аналардың таңдауынан кейін ғана мектепке дейінгі ұйымдарға аударылатынын білдіреді. Бұл балабақшалар арасында бала үшін бәсекеlestікті арттыруға және сыйбалас жеңімқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Оқу-ағарту министрлігіне Тараз және Шымкент қалаларында ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жобаны аяқтау және оны 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бүкіл ел бойынша таратуды қамтамасыз ету тапсырылды.

## ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ

Халықты кредиттеу проблемаларын шешу үшін банкроттық рәсімді қолдана отырып, тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру қажет. Соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдері бойынша осы күнге дейін 397 солтүстікқазақстандық өтініш берген болса, соның 107-нің қарызы көшірілген.

Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы Гүлнара Тагированың айтуынша, 2023 жылдың 3-ші наурызынан бастап департамент азаматтардан банкроттық рәсімді қолдану бойынша өтініштерді қабылдауда. Тәжірибе көрсеткендей, өтініштердің көбі соттан тыс банкроттық рәсімге қатысты болып отыр.

Елімізде 2021 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялау жүргізіліп жатқаны баршаға

мәлім. Биылғы жылы декларацияны заңды тұлғалардың басшылары, кәсіпкерлер және олардың жұбайлары тапсырады. Яғни маңызды міндетті 60 мыңға жуық солтүстікқазақстандық тапсыруы тиіс.

— Декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме кәсіпкер немесе заңды тұлға қызметі жүргізбесе де орындалуы тиіс. Декларацияның өзі сауалнама түрінде ұсынылған, — дейді облыстық мемлекеттік кірістер



департаментінің бас маманы Гүлнара Тагирова.

Жалпыға бірдей декларациялаудың 3-ші кезеңі қыркүйектің 15-і күні аяқталады. Айта кету керек, декларацияны тапсырмаған адам өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## ҚҰРМЕТТІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Естеріңізге сала кетейік, Булаев қаласының өкімі сайлау күні — 4 тамызда (жексенбі) дауыс беру учаскелеріне дейін ыңғайлы тасымалдау үшін автобус қатынасы болады.

Солтүстік жағының тұрғындары үшін: сағат 9-дан бастап колледжден екінші мектепке дейін. Оңтүстік жағының тұрғындары үшін: жергілікті маршрутқа сәйкес.



САҢ ЖӘНЕ ТІЛ

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ ТІЛ

*Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.*

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - өлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Аман не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемей - қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтерімізді қатерлі дерті болып табылады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді

әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Тіл - тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тіпсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ өлі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы отыз жылдан астам уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Тұңғыш Президентіміз - Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақтың болашағы - қазақ тілінде», - деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана

қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ.

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. «Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін менгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық, техникалық жағдайларды жасауға міндетті» - делінген. Мемлекеттің саясаты - тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік



ендіру, алға басуға ұмтылу. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса өкен дейді.

**Динара ӘЛДІКНОВА,**  
**Мағжан Жұмабаев ауданының сот отырысының хатшысы.**

ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ



## «КҮЗГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ДАҰЫНДАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ»

Жаздың екінші айының соңында, Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринарлық станциясының ветеринарлық мамандары күзгі ветеринарлық, эпизоотияға қарсы іс-шараларға толық дайындалуда.

Ветеринарияның негізгі міндеті - аурулардың алдын алу және жою және мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ветеринариялық іс-шараларды орындаудың құқықтық базасы «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Ветеринариялық қызметтің осы бағытындағы заң талаптары: жануарларды ұстау және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру кезінде неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға; жануарларды азықтандырудың, суарудың, оларды тасымалдау мен жылжытудың оңтайлы нормалары мен режимдерін сақтауға,

Қазақстан Республикасының аумағын шет мемлекеттерден жануарлар ауруларының әкелінуінен қорғауға, жоғары тиімді вакциналар мен жануарларды қорғаудың басқа да құралдарын өндіруге енгізуге және қолдануға бағытталған. Осы талаптардың әрқайсысы заңмен белгіленген ережелерді дәйекті орындау арқылы жүзеге асырылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясында эпизоотияға қарсы іс-шараларды іске асыру үшін барлық қажетті жағдайлар бар, оның ішінде: қан алу құралдары, қажетті вакциналар, құралдар, ауыл шаруашылығы жануарла-

рымен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдары, ал ең құнды жоғары білікті мамандар, олардың иығында эпизоотияға қарсы тұрақты жағдайды сақтау үшін үлкен жауапкершілік жатыр. Барлық іс-шаралар эпизоотияға қарсы емдеу жоспарына сәйкес жүргізіледі, ветеринариялық маманның міндеті профилактикалық іс-шаралардың бұзылуына жол бермеу, барлық қажетті іс-шараларды заңда белгіленген барлық нормалар мен ережелерді сақтай отырып, мерзімінде және толық көлемде жүргізу.

**Александр ТУМРАУ,**  
**мал дәрігері.**

МӘМС ХАБАРЛАЙДЫ

## МӘМС БОЙЫНША ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ЖИІ ТӨЛЕАНДЫРАТЫН СУРАҚТАР

- 2024 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ЖК қанша төлеуі қажет?  
- Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын азаматтар өзге де әлеуметтік аударымдармен қатар МӘМС-ке белгіленген жарналарды төлейді. Жарна мөлшері ЕТЖ-нің 1,4-еселенген мөлшерінің 5%-ын құрайды, яғни 5% \* (85 000 \* 1,4) = 5 950 теңге (2024 жылы).
- ЖК МӘМС-ке жұмыс беруші ретінде қалай төлейді?  
- Егер жеке кәсіпкердің жалдамалы қызметкерлері болса, онда олар үшін келесідей мөлшерлерде төлеуі қажет:  
- жұмыс берушінің есебінен қызметкерлердің жалақысының 3% мөлшерінде, бірақ 25 500 теңгеден аспайтын (10 ЕТЖ-ден, яғни 2024 жылы 850 000 теңге) аударымдар;  
- қызметкерлердің жалақысының 2% мөлшерінде, бірақ қызметкердің табысы есебінен 17 000 теңгеден (10 ЕТЖ-дан) аспайтын жарналар.  
Төлемді МӘМС-ке банктің кез келген бөлімшесі немесе мобильді қосымшасы, «Қазпошта» АҚ қассасы арқылы аударуға болады. Төлем мақсаттық коды (ТМК): аударымдар – 121, жарналар – 122.
- Жалдамалы қызметкер болып табылатын жеке кәсіпкер МӘМС-ке жарна төлей ме?  
- Иә, ескерту бұны («МӘМС туралы» Заң талап етеді. (28-баптың 3 және 5-тармақтары). Яғни ол ЖК ретінде (5 950 теңге), сонымен қатар жалдамалы қызметкер ретіндегі жалақысының 2%-ы мөлшерінде жарна төлейді.  
Жұмысы тоқтатылғаны немесе жұмыс істемейтіндігі (салық заңнамасына сәйкес) туралы ресми қаулы ғана ЖК ретінде жарна төлеуден босатады.
- Егер мүгеделілік бар болса, ЖК МӘМС-ке жарна төлеуі қажет пе?  
- Жоқ, өйткені ол жеңілдетілген санатқа енеді. Сондай-ақ ол 18 жасқа дейінгі балалар; зейнеткерлер, оның ішінде ҮОС қатысушылары мен мүгедектері; «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр

*Өзге кездері өзге де міндетті төлемдермен қатар, МӘМС-ке жарна төлеуі тиіс жеке кәсіпкерлерден түсетін сурақтар жасалды. Әмінистердің арасында ең көп қозғалатын тақырыптарға Құрда түсіндірісіндер әзірледі.*



- Ана атағы, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені бар көп балалы аналар; мектептерде, лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, магистратурада күндізгі білім алушылар санатарына енетін болса, ЖК жарналарын төлемейді.
- Декреттегі ЖК әйелдің МӘМС үшін ақы төлеуі қажет пе?  
- «МӘМС туралы» Заңның 26-бабында мемлекет жарна төлейтін 15 санат айқындалған. Олардың қатарында үш жасқа дейінгі баланы/балаларды тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам (баланың заңды өкілдерінің бірі) бар. Аталған санатта жұмыс істемейтіндер ретінде кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын және табысы жоқ адамдар белгіленген.  
Соған сәйкес қызметі ресми түрде тоқтатылмаған және жұмыс істеп тұрған ЖК бар декреттегі әйел жеңілдікті санатқа енебейді. Сондықтан МӘМС-ке жарна төлеуі тиіс.  
Ол сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті ресми түрде жабуына немесе тоқтата тұруына болады. Бұл оған жеңілдік санатына енуге мүмкіндік береді.
- Жүкті әйел бала тууына байланысты төлем алу үшін ЖК ашты.

- Неліктен ол МӘМС мәртебесінен айырылып қалды?  
- Жұмысыз әйел жүктілік бойынша есепке тұру кезінде «жұмыс істемейтін жүкті әйел» санаты бойынша жеңілдікке ие болады. Ол үшін жарналарды мемлекет төлейді және автоматты түрде сақтандырылады. Алайда, әйел ЖК тіркеген жағдайда, ресми түрде кәсіпкерлік қызметті бастағандықтан «жұмыс істемейтін азаматтар» санатынан шығарылады. Бұл жағдайда ол жеңілдік мәртебесінен айырылады.
- ЖК жұмыс істемейді, ешқандай кірісі жоқ. Мұндай жағдайда жарна төлеу қажет пе?  
- Иә, МӘМС жүйесінде жарна төлеу міндеті жұмыс істеп тұрған ЖК болу фактісі бойынша туындайды және ол табысқа байланысты емес. Салық есептілігін ұсынуды тоқтатқан немесе жұмыс істемейді деп танылған (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) ЖК жарна төлеуден босатылған.
- ЖК жарнасын есептік айдан кейін төлей ала ма?  
- Жарналарды ай сайын да, алдағы кезең үшін де алдын-ала төлеуге болады. Егер сіз кейінірек төлесеніз, онда берешек пайда болады және ЖК

- МӘМС-те мәртебесін жоғалтады. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер органдары төлемді кешіктіргені үшін өсіміз есептейді.  
Төлем кезінде ЖСН, ТАӘ, төлем сомасын қатесіз қорсету маңызды, әйтпесе жарналар кері қайтарылуы мүмкін. 2-3 жұмыс күні ішінде қаражаттың кері қайтарылуын тексеріңіз.
- Егер жеке клиникаларға жүгінетін болса, ЖК МӘМС жарналарын төлеуіне бола ма?  
- Заң жеке кәсіпкерлерді бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдермен қатар МӘМС жарналарын төлеуге міндеттейді. Сондықтан жарналарды төлеуден бас тартуға болмайды.  
МӘМС жүйесі жеке клиникаларда да қызмет көрсетуге мүмкіндік беретінін еске сала кетейік. Сонымен қатар, қазір мемлекеттік емханаларда медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы айтарлықтай жақсарды. Көрсеткіштер болған жағдайда МӘМС бойынша бейімді мамандардың кенесі, талдаулар, консультанциялық-диагностикалық қызмет, жоспарлы емдеуге жатқызу қарастырылған. Бұл ретте алатын медициналық қызметтердің көлемі мен құнында шектеулер жоқ.
- Азамат жеке кәсібін жапса, МӘМС жарналарын төлеуді тоқтатады ма?  
- Егер жеке кәсіпкердің қызметі толығымен тоқтатылса, онда азамат ЖК ретінде жарналарды төлемейді. Бірақ МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін ол жарналарды дербес төлеуші ретінде төлей алады (2024 жылы ай сайын 4 250 теңгеден). Егер ол жалдамалы қызметкер болса, онда оның жұмыс берушісі жарналарды жалақының 2% мөлшерінде аударалы.  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СКҚ бойынша филдальны баспасөз қызметі.



## БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

26 шілдеде Булаев қаласының бастауыш ардагерлер ұйымдары төрағаларының жиналысы өтіп, соның нәтижесінде Булаев қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы қайта сайланды. Жиналған қауым Любовь Михайловна Егорычеваны бірауыздан төраға етіп сайлады.

Сонымен қатар, жиын барысында өзекті мәселелер - ардагерлер ұйымдарының ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығын мерекелеуге дайындық, бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізу талқыланды.



## КӨҢІЛДЕН ШЫҚҚАН САЯХАТ

*Ардагер - құрметті, ардақты, қадірлі адам деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елеулі еңбек сіңірген абыройлы адамды халық ардагері деп жоғары бағалайды. Жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылғанда ғана ардагер болады деп бекерге айтпаса керек.*

2024 жылдың 24 шілдесінде аудандық ардагерлер кеңесінің арқасында біздің ауданда тұратын зейнеткер - ардагерлер «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешеніне барып, аға буын өкілдері үшін мұражай экспозициясымен танысу ұйымдастырылды.

Мұражайдың бастамасынан алынған толқулар мен эмоцияларды сөзбен жеткізу қиын. Барлық ардагерлер үшін өлкетану мұражайына бару қызықты болды. Ботаникалық бақ, тамаша орын ағаш өсімдіктерінің бірегей коллекциясы, барлығы әдемі болып, ардагерлеріміздің көңілдерінен шықты. Экскурсиялар мұражай ұжымына мазмұнды әңгімелері үшін алғыстарын білдіріп, қызықты экспонаттардың өркендеуін тіледі.

## V ДҮНИЕЖҰЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

### ДАЛА ТӨСІН ДҮБІРЛЕТЕТІН ТҮЛПАРЛАР

Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында 3-7 қыркүйек аралығында алғаш рет "Ұлы дала жорығы" халықаралық марафон-бәйесі өтеді. Бұл жарыс біздің өңірден бастау алмақ.



Марафон-бәйге 5 мың жылдан астам бұрын адам баласы жылқы малын алғаш рет қолға үйреткен Ботай қонысында 3 қыркүйекте басталады.

Ұлттық спорт қауымдастығы баспасөз қызметінің мәліметінше, спорттық іс-шараға 10-нан астам елден командалар қатысады деп жоспарланған. Оның ішінде Иран, Түркия, Мажарстан, Қырғызстан, Оңтүстік Африка Республикасы, Ресей Федерациясы және тағы

басқа елдердің шабандоздары бар. Қырғызстан құрамасы "Ұлы дала жорығына" қатысатын ең үздік аттарды іріктеу мақсатында келкүндік ат спорты марафонын өткізді. "Ұлы дала жорығына" Ресейдің Кабардин-Балкар Республикасының құрамасы да қатысуға дайындықты бастады. "АМД Кавказ" ат спорты клубының негізін қалаушы Ахмед Махов қазақстандық ат жарысына қатысуға шақырту алғанын айтты.

Марафон-бәйегінің бүкіл адамзат үшін киелі мекен саналатын Ботай қонысынан басталуы ерекше маңызды. Біздің команда аңыздар мен тарихи жәдігерлерге толы Ботай жеріне баруға ерекше ынталы. Олай болса, күт бізді, Қазақстан!" – деді Ахмед Махов.

Ат жарысы 7 қыркүйекте Астанада аяқталады. Марафон-бәйегінің жеңімпаздары 8 қыркүйекте өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатына қатысады.

Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ.

## КӨҚПАРШЫЛАР КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТКЕН

Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында көкпардан Қазақстан ұлттық құрамасы Алматы облысында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Ұлттық құраманың бас бапкері Ақылбай Манкеевтің айтуынша, осы оқу-жаттығу жиыны аясында қыркүйекте өтетін ойындарға қатысатын жылқылар дайындалып жатыр. Барлығы 40 жылқының ішінен мықтылары іріктеліп алынады. Оның сөзінше, команда дайындығы қазір жақсы деңгейде. Ұлттық құрамаға Қырғызстан мен Өзбекстаннан келген командалар мықты қарсылас бола алады.

«Екі айдан бері 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсенді дайындалып жатырмыз. Еліміздің намысын абыроймен қорғаймыз деп үміттенеміз. Осындай маңызды спорттық жарыстың елімізде өтіп жатқаны бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Бірінші оқу-жаттығу жиынында өзіміздің күш-қайратымызға баса мән берсек, енді жылқыларды дайындап жатырмыз», деді көкпардан ұлттық құрама мүшесі Әділет Мамыт.

Естеріңізге сала көтейік, Республикалық көкпар федерациясы Ұлттық спорт түрлері



қауымдастығының құрамына кіреді. Сонымен қатар қауымдастық құрамында Бәйге, Жамбы ату, Аударыспақ, Садақ ату, Құсбегілік, Асық ату, Теңге ілу, JORYQ және т.б. федерациялар бар. Ал қауымдастықты белгілі кәсіпкер, меценат, Altyn Qyran Foundation қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов басқарады.

## 4 ТАМЫЗ - КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

### КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Көлік кешені отандық экономиканың басты, стратегиялық маңызды сегменттерінің бірі болып табылады, ол елдің өнеркәсіптік және технологиялық әлеуетін нығайтуда, өңіраралық және халықаралық байланыстарды дамытуда үлкен рөл атқарады. Әрине, адамдардың өмір сүру сапасы көбінесе оның сенімді, үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты.

Бүгінгі таңда көлік кешені қуатты өндірістік, ғылыми-техникалық және кадрлық әлеуетке ие. Көлік инфрақұрылымы қызметкерлерінің күнделікті адал еңбегінің, кәсібилігінің және іске жауапкершілікпен қарауының арқасында саланы жаңғырту, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру, жүктерді жеткізу, қызметтер мен жұмыстардың ассортиментін кеңейту, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізу, өңірлік және халықаралық байланыстарды нығайту, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттер табысты шешіледі.

Көлік қызметкерлері күні – жыл он екі ай ыстыққа күйіп, суыққа

тоңып жүріп, еңбек ететін осы бір жанкешті кәсіп иелерінің ерен еңбегі еленетін күн, құшақтар күнге толып, ақ тілек ағылатын күн, құрмет пен көшмет кеудеге марапат боп тағылатын күн.

#### Құрметті көлік саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Көлік қызметкерлері күнімен құттықтаймыз. Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, отбасылық амандық, еңбектеріңізге жаңа табыстар, сондай-ақ жолда және ауада сәттілік тілейміз! Жолдарыңыз орқанда ашық болып, сапарларыңыз қызықты да сәтті болсын деп тілейміз!







